

"Ғылым жөніндегі жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 21 тамыздағы № 369 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 20 шілдедегі № 720 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 629 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында және
республикалық
баспасөзде жариялануға тиіс

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 26.08.2024 № 629 Жарлығымен.
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Ғылым жөніндегі жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 21 тамыздағы № 369 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж ., № 67, 952-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Ғылым жөніндегі жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ғылым жөніндегі жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындау қағидалары әлемдік және ұлттық ғылымның жай-күйі мен даму үрдістерін талдауды, Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық әлеуетін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды, ғылым дамуының басым бағыттарының негіздемесін және оны танымал етуді қамтитын Ғылым жөніндегі ұлттық баяндаманы (бұдан әрі – Ұлттық баяндама) дайындау және басып шығару мақсатында әзірленді.";

5, 6, 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ұлттық баяндама жыл сайын 10 тамыздан кешіктірілмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның қарауына енгізіледі.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның ұсынымы негізінде 10 қазаннан кешіктірмей Ұлттық баяндаманы Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді.

7. Ұлттық баяндаманы мемлекеттік тілде және орыс тілінде басып шығару оны Қазақстан Республикасының Президенті мақұлдағаннан кейін жүзеге асырылады. Ұлттық баяндаманың ағылшын тіліндегі электрондық нұсқасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің интернет-ресурсында орналастырылады."

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК